**"Көмірсутектер, уран өндіру саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 453 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 қарашадағы № 77 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2022 жылғы 29 қарашадағы № 382 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 101 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қарашада № 30852 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Көмірсутектер, уран өндіру саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 453 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 қарашадағы № 77 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17797 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 5-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес көмірсутектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды

тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес көмірсутектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес көмірсутектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңіздегі көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес көмірсутектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңіздегі көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы тоқтатылған жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі тексеру парағы.";

1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 5 және 6-қосымшаларға сәйкес 5 және 6-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін;

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы*

*Ұлттық экономика министрінің м.а.* *Т. Жаксылыков*

*Министрдің міндетін атқарушы* *М. Журебеков*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 101 мен Министрдің
міндетін атқарушы
2022 жылғы 29 қарашадағы
№ 382 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 қарашадағы
№ 453 және Қазақстан
Республикасы Ұлттық
экономика министрінің
міндетін атқарушының
2018 жылғы 23 қарашадағы
№ 77 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

**Көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 5-тармағына (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс), "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес Көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында әзірленді.

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі – көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғалар, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы тоқтатылған жеке немесе заңды тұлғалар;

2) болмашы бұзушылықтар – шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларының орындалуы туралы есептерді жыл сайын көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жіберу бойынша талапты сақтамаумен;

қабаттарды сынамалау және ұңғымаларды сынау кезінде әрбір өнімді қабаттарды дербес тестілеу бойынша талапты сақтамауымен (жобалау құжатында белгіленген, бірақ кәсіпшілік-геологиялық және гидродинамикалық зерттеулер кешенін жүргізе отырып әрбір сынақ объектісі үшін 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге)

ұңғымалардың технологиялық жұмыс режимдерінде әрбір өндіруші ұңғыма үшін – сұйықтықты іріктеудің технологиялық нормасының және әрбір қысыммен айдау ұңғымасы үшін – ауыстыру агентінің (қабылдағыштық) көлемінің болмауымен;

объектіні игеру шарттарының тұрақтылығына байланысты ай сайын немесе тоқсанына бір рет жасалатын, өндіру ұңғымалары жұмысының технологиялық режимдерінің болмауымен. Өндіруші ұңғымалар жұмысының технологиялық режимдерімен бір мезгілде ұңғымалардан және тұтастай пайдалану объектісінен сұйықтық алу нормаларын қамтамасыз ету жөніндегі геологиялық-техникалық іс-шаралар жоспары жасалады және бекітіледі;

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес конкурстық комиссияны қалыптастыруға қойылатын талаптарды сақтамау;

Қағидаларға сәйкес ашық конкурс өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы тізілімде (жүйеде) орналастыруға қойылатын талаптарды сақтамау;

3) елеулі бұзушылықтар – өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырмай және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етпей, мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған ақпараттың бар болуымен;

Кодекстің міндеттейтін нормаларын сақтамаумен байланысты бұзушылықтар;

4) өрескел бұзушылықтар – ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы, ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы, ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есептерін, сонымен қатар шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау

туралы есепті талдау нәтижесі бойынша уәкілетті органның рұқсатынсыз газды жағу бойынша ақпараттың бар болуымен;

Кодекстің тыйым салатын нормаларын сақтамаумен;

талдау кезеңінде Қағидалардың талаптарын бұзуға қатысты үш расталған шағым немесе арыз фактілерінің болуымен;

5) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілері ( объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне (бұдан әрі – тәуекел дәрежесі) жатқызылады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

4. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

## 2-тарау. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

6. Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып, мемлекеттік бақылау жүзеге асырылатын саланың ерекшелігіне қарай жүзеге асырылады:

1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;

2) реттелетін салаға (облысқа) ықтимал теріс салдарлар ауырлығының, зиянның ауқымы;

3) адамның өмірі немесе денсаулығы, қоршаған орта, жеке және заңды тұлғалардың , мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

7. Көмірсутектер өндіру саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты бар) жеке немесе заңды тұлғалар болып табылатын бақылау субъектілері жоғары тәуекел дәрежесіне жатады.

Көмірсутектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты бар) жеке немесе заңды тұлғалар болып табылатын бақылау субъектілері орташа тәуекел дәрежесіне жатады.

Көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығы тоқтатылған жеке немесе заңды тұлғалар болып табылатын бақылау субъектілері төмен тәуекел дәрежесіне жатады.

8. Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне ( объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

## 3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

9. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау.

10. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежелерін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері (бұдан әрі – есептілікті пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері);

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері. Бұл ретте бұзушылықтың ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеріс парағында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған кезде белгіленеді;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;

11. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін мынадай тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есептеу тәртібі пайдаланылады.

Бақылау субъектісіне бір өрескел бұзушылық анықталған кезде тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100-ге теңеледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылық анықталмаған кезде, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау елеулі және болмашы дәрежелердің бұзушылықтары бойынша қосынды көрсеткішпен есептелінеді.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$SP_з = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,7$

мұнда:

$SP_з$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,4 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$SP_н = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,4$

мұнда:

$SP_н$ – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы мына формула бойынша айқындалады:

SP = SPз + SPн

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні кәсіпкерлік субъектісін мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызуға негіз болып табылады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден бастап 100-ді қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) орташа тәуекел дәрежесіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 41-ден бастап 70-ті қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

3) төмен тәуекел дәрежесіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 40-ты қоса алғанға дейінгі көрсеткіш кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне ) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Көмірсутектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 1-қосымшада келтірілген.

Көмірсутектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 2-қосымшада келтірілген.

Көмірсутектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңіздегі көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 3-қосымшада келтірілген.

Көмірсутектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңіздегі көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 4-қосымшада келтірілген.

Талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдер қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың еселігін бақылау органы жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жылына бір реттен жиі емес айқындайды.

Алынатын мәліметтерді талдау және көрсеткіштер бойынша бағалау жылына екі рет есепті жылдың бірінші мамырына дейін және бірінші желтоқсанына дейін жүзеге асырылады.

Егер бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілген болса, соңғы бару арқылы профилактикалық бақылаудың аяқталу күнінен кейінгі күннен бастап жүргізілетін талдаудың басталуына дейінгі кезең талдау кезеңі болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Көмірсутектер саласында жер
қойнауын пайдалану бойынша
операцияларды жүргізу кезіндегі
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

**Көмірсутектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары**

| р/с № | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| Есептілікті және мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері | | |
| | Ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы, ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы, ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | сайынғы ақпарат туралы есептерін , сонымен қатар шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау туралы есепті талдау нәтижесі бойынша уәкілетті органның рұқсатынсыз газды жағу бойынша ақпараттың бар болуы | Өрескел | |
| 2 | Өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырмай және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етпей, мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған ақпараттың болуы | Елеулі | |
| Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі аталған талаптары сақталмаған кезде белгіленеді) | | | |
| 3 | Жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ ол болмаған кезде жер қойнауын пайдалану операцияларын тез арада тоқтату немесе оны жою бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 4 | Технологиялық қажеттіліктерге тұтынатын немесе авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі, ұңғыма объектілерін сынау кезіндегі, кен орнын сынамалап пайдалану кезіндегі, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезіндегі жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, көмірсутектерді, оның ішінде барлау кезінде өндірілген, толық көлемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндетін сақтау | Елеулі | |
| | Жер қойнауын пайдалану жөніндегі ақпаратты (құжаттарды) электрондық және қағаз форматта жүргізу және сақтау жөніндегі талапты сақтау, атап айтқанда:<br>ұңғымаларды пайдалану және геологиялық-техникалық іс-шараларды орындау бойынша; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | ұңғымалардың жұмыс режимі бойынша материалдар;<br>көмірсутектерді өндіру жөніндегі барлық жұмыстар туралы;<br>кен орны бойынша бастапқы құжаттама;<br>жүргізілген жөндеу жұмыстары, оларды күтіп-ұстау, жабдықтар мен ұңғымалар жұмысының жөндеуаралық кезеңі, сондай-ақ объектіні пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде орындалған жұмыстардың техникалық-экономикалық тиімділігі туралы;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде әртүрлі мақсаттағы мұнай, газ және айдау ұңғымаларын консервациялау және (немесе) жою жөніндегі барлық материалдар (актілер, бұйрықтар, хаттамалар және басқа материалдар) | Елеулі | |
| 6 | Жер қойнауы учаскесінің аумағындағы бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетін сақтау | Елеулі | |
| 7 | Жобалау құжатына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі талапты, сондай-ақ жобалау құжаты болмаған кезде осындай жұмыстарды жүргізуге тыйым салуды сақтау | Өрескел | |
| 8 | Техникалық жобалау құжатына сәйкес кен орнын жайластыру жөніндегі талапты сақтау | Өрескел | |
| 9 | Өндіріліп алынған көмірсутектерді дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 10 | Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою және (немесе) жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 11 | Технологиялық объектілерді жою және (немесе) консервациялау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Жер қойнауын пайдаланушылармен көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей не келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы операторды тартқан кезде оператордың ақылы қызметтер көрсетуі жоспарланатын сатып алу туралы ақпаратты ұсыну бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 13 | "Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) 1, 2, 3, 4, 5, 8, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 26, 27, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға нысандар ұсыну бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| 14 | Жер қойнауын пайдаланушының барлау жұмыстары жобасының іске асырылуын (ұңғымаларды бұрғылауды және (немесе) сынауды көздемейтін барлау жұмыстары жобасын қоспағанда), сынамалық пайдалануға арналған жобалау құжатының іске асырылуын авторлық қадағалау жөніндегі жыл сайынғы есепті орындау мониторингін жүзеге асыру және оларды хабарлама | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тәртібімен құзыретті органға жіберу бойынша талапты сақтау | | |
| 15 | Авариялық жағдайлар қатері төнген немесе туындаған, персоналдың өміріне немесе халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның рұқсатынсыз шикі газды факелде жағуға салынған тыйымды сақтау | Өрескел | |
| 16 | Авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі жағдайлары кезінде рұқсатсыз шикі газды алау етіп жағудың себептерін және жағылған шикі газдың көлемдері туралы мәліметтерді қамтумен көмірсутектер және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы уәкілетті органдарды он күн ішінде жазбаша хабардар ету бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 17 | Көмірсутектер саласындағы уәкілетті органмен бекітілген шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасының бар болуы | Елеулі | |
| 18 | Шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларының орындалуы туралы есептерді жыл сайын көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жіберу бойынша талапты сақтау | Болмашы | |
| 19 | Жобалау құжатында белгіленген, бірақ кәсіпшілік-геологиялық және гидродинамикалық зерттеулер кешенін жүргізе отырып, әрбір сынақ объектісі үшін 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге қабаттарды сынамалау және ұңғымаларды сынау кезінде әрбір өнімді қабаттарды дербес тестілеу бойынша талапты сақтау | Болмашы | |
| | Ұңғымаларды пайдалануға салынған тыйымды сақтау:<br>онда қойнауқат бойынша немесе бағана сыртындағы кеңістік бойынша газдың бақылаусыз жарылуы орын алды; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20 | сорғы-компрессорлық құбырлар болмаған кезде;<br>өндірілетін өнімді бөлек есепке алуды және бір ұңғымамен екі немесе одан да көп объектіні бір мезгілде бөлек пайдалану кезінде әрбір объектіге кәсіпшілік зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін ұңғымалық және жерүсті жабдығы болмаған кезде;<br>бұрқақты немесе құбыраралық (құбыраралық) кеңістік арқылы механикаландырылған әдіске ауыстырылған;<br>базалық жобалау құжаттарында және көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған жобалау құжаттарында көрсетілген жобалық мәндерден асатын газ факторы бар;<br>егер жобалау құжатында өзгеше көзделмесе, кенжар қысымының рұқсат етілген мәнінен төмен қысымдар кезінде ұңғымалардағы сұйықтықты үдемелі іріктеуге;<br>дебитті жеке немесе топтық өлшеуге және ұңғымаларды зерттеуге арналған жабдықсыз;<br>сағалық және құбырлық қысым манометрлерінсіз, сағалық сынамаларды іріктеуге және сағадағы температураны өлшеуге арналған құрылғыларсыз, арматуралық алаңшалар мен ұңғымаларға тереңдік аспаптарын (манометрлер, термометрлер, дебитомерлер, сынама іріктегіштер) түсіруге арналған лубрикаторларсыз | Өрескел | |
| 21 | Ұңғымалардың технологиялық жұмыс режимдерінде әрбір өндіруші ұңғыма үшін - сұйықтықты іріктеудің технологиялық нормасының және әрбір қысыммен айдау ұңғымасы үшін - ауыстыру агентінің (қабылдағыштық) көлемінің бар болуы | Болмашы | |
| | Объектіні әзірлеу шарттарының тұрақтылығына байланысты ай сайын немесе тоқсанына бір рет жасалатын өндіру ұңғымалары жұмысының технологиялық | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22 | режимдерінің болуы. Өндіруші ұңғымалар жұмысының технологиялық режимдерімен бір мезгілде ұңғымалардан және тұтастай пайдалану объектісінен сұйықтық алу нормаларын қамтамасыз ету жөніндегі геологиялық-техникалық іс-шаралар жоспары жасалады және бекітіледі | Болмашы | |
| 23 | Көмірсутектері шөгінділерінің ашылуын болдырмау мақсатында төмен қуатты қақпағы бар қабаттардың гидравликалық ажыратылуына салынған тыйымды сақтау | Өрескел | |
| 24 | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары на (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес конкурстық комиссияны қалыптастыруға қойылатын талаптарды сақтау | Болмашы | |
| 25 | Конкурстық құжаттамада Қағидаларда көзделмеген талаптарды белгілеуге жол бермеу | Өрескел | |
| 26 | Қағидаларға сәйкес ашық конкурс өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы тізілімде (жүйеде) орналастыруға қойылатын талаптарды сақтау | Болмашы | |
| 27 | Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін қағидаларды бұза отырып, негізсіз жіберуіне және ( немесе) қабылдамауына жол бермеу | Өрескел | |
| 28 | Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың мазмұны | Елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | және оны жасасу талаптары бойынша талаптарды сақтау | |
| 29 | Көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін немесе электрондық сатып алудың өзге де жүйелерін қолдана отырып, ашық конкурс, бір көзден және төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілдерімен сатып алу жөніндегі міндетті сақтау, оның жұмысы осындай тізілімнің жұмысымен синхрондалған интернеттің қазақстандық сегментінде орналасқан | Елеулі |
| 30 | Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстың жеңімпазын айқындау кезінде конкурсқа қатысушылардың – қазақстандық жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын жиырма пайызға шартты түрде азайту жөніндегі талапты сақтау | Елеулі |
| 31 | Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған не көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуы тоқтатыла тұрған, сондай-ақ жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасында белгіленген мерзімдерде консервациялау аяқталған күннен бастап екі ай ішінде жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасын сараптамалардан өту үшін бекіту және ұсыну жөніндегі міндетті сақтау | Елеулі |
| | Өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырмай және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етпей, мұнай және газ | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 32 | конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, шикі мұнай мен газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салуды сақтау | Өрескел | |
| 33 | Шикі мұнай және газ конденсаты айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілердің тұтынушыларға жеткізуге дайындалған, айналымдағы шикі мұнай және газ конденсатының саны туралы деректерді есепке алу жүйелеріне көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға қол жеткізуін ұсыну жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 34 | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 191 бұйр ығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17072 болып тіркелген) Мұнай беру графигін қалыптастыру қағидаларына қосымшаға сәйкес нысан бойынша ай сайын есепті айдың алдындағы айдың бесінші күніне дейін графикті қалыптастыру үшін мұнай беруге өтінім беру жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны | | | |
| 35 | Талдау кезеңінде Қағидалардың талаптарын бұзуға қатысты үш расталған шағым немесе арыз фактілерінің бар болуы | Өрескел | |
| Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | | |
| 36 | Жер қойнауын пайдаланушының жобалау құжатында көзделмеген жұмыстарды жүргізуі бойынша, сондай-ақ жобалау құжаты болмаған кезде осындай жұмыстарды жүргізу бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| 37 | Жер қойнауын пайдаланушының кен орнын жайластыру бойынша техникалық жобалау құжатында көзделмеген расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| | Авариялық жағдайлар қатерінің немесе туындауының, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 38 | персоналдың өміріне немесе халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті органның рұқсатынсыз алауларда шикі газды жағу бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| 39 | Жер қойнауын пайдаланушының ұңғымаларды пайдалануы туралы расталған ақпараттың болуы:<br>онда қойнауқат бойынша немесе баған сыртындағы кеңістік бойынша газдың бақылаусыз жарылуы орын алды;<br>сорғы-компрессорлық құбырлар болмаған кезде;<br>өндірілетін өнімді бөлек есепке алуды және бір ұңғымамен екі немесе одан да көп объектіні бір мезгілде бөлек пайдалану кезінде әрбір объектіге кәсіпшілік зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін ұңғымалық және жерүсті жабдығы болмаған кезде;<br>бұрқақты немесе құбыраралық ( құбыраралық) кеңістік арқылы механикаландырылған әдіске ауыстырылған;<br>базалық жобалау құжаттарында және көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған жобалау құжаттарында көрсетілген жобалық мәндерден асатын газ факторы бар;<br>егер жобалау құжатында өзгеше көзделмесе, кенжар қысымының рұқсат етілген мәнінен төмен қысымдар кезінде ұңғымалардағы сұйықтықты үдемелі іріктеуге;<br>дебитті жеке немесе топтық өлшеуге және ұңғымаларды зерттеуге арналған жабдықсыз;<br>сағалық және құбырлық қысым манометрлерінсіз, сағалық сынамаларды іріктеуге және сағадағы температураны өлшеуге арналған құрылғыларсыз, арматуралық алаңшалар мен ұңғымаларға тереңдік аспаптарын (манометрлер, термометрлер, дебитомерлер, сынама | Өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | іріктегіштер) түсіруге арналған лубрикаторларсыз | |
| 40 | Жер қойнауын пайдаланушының қуаты аз жабындысы бар қаттық шоғырлар қабатына гидрожарылысуды жүргізуі бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 41 | Жер қойнауын пайдаланушының мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырусыз және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етпей шикі мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуі бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел |

Көмірсутектер саласында жер
қойнауын пайдалану бойынша
операцияларды жүргізу кезіндегі
тәуекел дәрежесін бағалау
Өлшемшарттарына
2-қосымша

## Көмірсутектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты құрлықтағы көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

| р/с № | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| Есептілікті және мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері | | |
| 1 | Ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы, ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы, ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есептерін , сонымен қатар шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау туралы есепті талдау нәтижесі бойынша уәкілетті органның рұқсатынсыз газды жағу бойынша ақпараттың бар болуы | Өрескел |
| | Өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырмай мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | айналымы саласындағы қызметті, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған ақпараттың болуы | Елеулі |
| Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі аталған талаптары сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3 | Жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ ол болмаған кезде жер қойнауын пайдалану операцияларын тез арада тоқтату немесе оны жою бойынша міндетін сақтау | Елеулі |
| 4 | Технологиялық қажеттіліктерге тұтынатын немесе авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі, ұңғыма объектілерін сынау кезіндегі, кен орнын сынамалап пайдалану кезіндегі, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезіндегі жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, көмірсутектерді, оның ішінде барлау кезінде өндірілген, толық көлемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндетін сақтау | Елеулі |
| 5 | Жер қойнауын пайдалану жөніндегі ақпаратты (құжаттарды) электрондық және қағаз форматта жүргізу және сақтау жөніндегі талапты сақтау, атап айтқанда:<br>ұңғымаларды пайдалану және геологиялық-техникалық іс-шараларды орындау бойынша;<br>ұңғымалардың жұмыс режимі бойынша материалдар;<br>көмірсутектерді өндіру жөніндегі барлық жұмыстар туралы;<br>кен орны бойынша бастапқы құжаттама;<br>жүргізілген жөндеу жұмыстары, оларды күтіп-ұстау, жабдықтар мен ұңғымалар жұмысының жөндеуаралық кезеңі, сондай-ақ объектіні пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде орындалған | Елеулі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жұмыстардың техникалық-экономикалық тиімділігі туралы;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде әртүрлі мақсаттағы мұнай, газ және айдау ұңғымаларын консервациялау және (немесе) жою жөніндегі барлық материалдар (актілер, бұйрықтар, хаттамалар және басқа материалдар) | | |
| 6 | Жер қойнауы учаскесінің аумағындағы бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізу міндетін сақтау | Елеулі | |
| 7 | Жобалау құжатына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі талапты, сондай-ақ жобалау құжаты болмаған кезде осындай жұмыстарды жүргізуге тыйым салуды сақтау | Өрескел | |
| 8 | Техникалық жобалау құжатына сәйкес кен орнын жайластыру жөніндегі талапты сақтау | Өрескел | |
| 9 | Өндіріліп алынған көмірсутектерді дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 10 | Жұмыстарды жүргізу бойынша талаптарды сақтау:<br>кен орнын әзірлеу жобасына сәйкес жете барлау бойынша;<br>кен орнын әзірлеу жобасына қосымшаға сәйкес зерттеуге дейін табылған жаңа кен орнын бағалау | Елеулі | |
| 11 | Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою және (немесе) жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 12 | Технологиялық объектілерді жою және (немесе) консервациялау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 13 | Ішкі нарықтың қажеттіліктерін мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында, ал мұнай өңдеу зауыты авариялық жағдайға байланысты тоқтатылған | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жағдайда-оның шегінен тыс жерлерде өңдеу үшін мұнай жеткізуді жүзеге асыру жөніндегі міндетті сақтау | | |
| 14 | Өзі өндірген жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын иеліктен шығаруды не процессингке беруді жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 15 | Жер қойнауын пайдаланушылармен көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жылдың 1 ( бірінші) ақпанынан кешіктірмей не келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы операторды тартқан кезде оператордың ақылы қызметтер көрсетуі жоспарланатын сатып алу туралы ақпаратты ұсыну бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 16 | "Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және ( немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) 1, 2, 3, 4, 5 , 8, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 26, 27, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға нысандар ұсыну бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| | Жер қойнауын пайдаланушының жобалау ұйымының жыл сайынғы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | авторлық қадағалау жүргізу және үш жылда кемінде бір рет орындалатын көмірсутектер кен орнын игеруді талдау арқылы кен орнын игеру жобасын орындауына мониторингті жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтау және оларды хабарлама тәртібімен құзыретті органға жіберу бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| 18 | Кен орнын әзірлеудің нақты және жобалау көрсеткіштері арасында елеулі (он пайыздан астам) айырмашылықтар болған жағдайда, көмірсутектер кен орнын әзірлеуді талдау нәтижелерінің жобалау құжаттарына мемлекеттік сараптаманың бар болуы | Елеулі | |
| 19 | Авариялық жағдайлар қатері төнген немесе туындаған, персоналдың өміріне немесе халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның рұқсатынсыз шикі газды факелде жағуға салынған тыйымды сақтау | Өрескел | |
| 20 | Авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі жағдайлары кезінде рұқсатсыз шикі газды алау етіп жағудың себептерін және жағылған шикі газдың көлемдері туралы мәліметтерді қамтумен көмірсутектер және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы уәкілетті органдарды он күн ішінде жазбаша хабардар ету бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 21 | Тергеу жүргізуге және көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға технологиялық іркілістер, істен шығу мен ауытқулардың, әрбір жағдайы бойынша жағылған газдың уақыты мен көлемдері туралы мәліметтерді, сондай-ақ олардың себептерін көрсете отырып, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей, | Елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | тоқсан сайын есеп беру бойынша міндетін сақтау | |
| 22 | Көмірсутектер саласындағы уәкілетті органмен бекітілген шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасының бар болуы | Елеулі |
| 23 | Шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларының орындалуы туралы есептерді жыл сайын көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жіберу бойынша талапты сақтау | Болмашы |
| 24 | Жобалау құжатында белгіленген, бірақ кәсіпшілік-геологиялық және гидродинамикалық зерттеулер кешенін жүргізе отырып, әрбір сынақ объектісі үшін 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге қабаттарды сынамалау және ұңғымаларды сынау кезінде әрбір өнімді қабаттарды дербес тестілеу бойынша талапты сақтау | Болмашы |
| 25 | Негізгі өнімді (сұйық көмірсутектер) шығару коэффициентінің азаюына әкелетін газ бүркемесінен газды негізсіз шығаруға және мұнайды қабат жағдайында газсыздандыруға жол бермеу | Елеулі |
| | Ұңғымаларды пайдалануға салынған тыйымды сақтау:<br>жобалау құжаттарында көзделгеннен төмен кенжарлық қысымдармен;<br>онда қойнауқат бойынша немесе бағана сыртындағы кеңістік бойынша газдың бақылаусыз жарылуы орын алды;<br>сорғы-компрессорлық құбырлар болмаған кезде;<br>өндірілетін өнімді бөлек есепке алуды және бір ұңғымамен екі немесе одан да көп объектіні бір мезгілде бөлек пайдалану кезінде әрбір объектіге кәсіпшілік зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін ұңғымалық және жерүсті жабдығы болмаған кезде;<br>бұрқақты немесе құбыраралық ( құбыраралық) кеңістік арқылы механикаландырылған әдіске ауыстырылған; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 26 | базалық жобалау құжаттарында және көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған жобалау құжаттарында көрсетілген жобалық мәндерден асатын газ факторы бар;<br>егер жобалау құжатында өзгеше көзделмесе, кенжар қысымының рұқсат етілген мәнінен төмен қысымдар кезінде ұңғымалардағы сұйықтықты үдемелі іріктеуге;<br>дебитті жеке немесе топтық өлшеуге және ұңғымаларды зерттеуге арналған жабдықсыз;<br>сағалық және құбыраралық қысым манометрлерінсіз, сағалық сынамаларды іріктеуге және сағадағы температураны өлшеуге арналған құрылғыларсыз, арматуралық алаңшалар мен ұңғымаларға тереңдік аспаптарын (манометрлер, термометрлер, дебитомерлер, сынама іріктегіштер) түсіруге арналған лубрикаторларсыз;<br>оларда кәсіпшілік зерттеулер кешенін жеке орындау үшін дайындалмаған | Өрескел | |
| 27 | Ұңғымалардың технологиялық жұмыс режимдерінде әрбір өндіруші ұңғыма үшін - сұйықтықты іріктеудің технологиялық нормасының және әрбір қысыммен айдау ұңғымасы үшін - ауыстыру агентінің ( қабылдағыштық) көлемінің бар болуы | Болмашы | |
| 28 | Объектіні әзірлеу шарттарының тұрақтылығына байланысты ай сайын немесе тоқсанына бір рет жасалатын өндіру ұңғымалары жұмысының технологиялық режимдерінің болуы. Өндіруші ұңғымалар жұмысының технологиялық режимдерімен бір мезгілде ұңғымалардан және тұтастай пайдалану объектісінен сұйықтық алу нормаларын қамтамасыз ету жөніндегі геологиялық-техникалық іс-шаралар жоспары жасалады және бекітіледі | Болмашы | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 29 | Өткізу бойынша талаптарды сақтау:<br>әрбір пайдалану объектісі бойынша зерттеулер кешені ( қойнауқаттық флюидтің компоненттік құрамын, тұтқырлығын, тығыздығын, қанығу қысымын, газ құрамын, көлемдік коэффициентті, бөлініп шыққан газдың және газсыздандырылған мұнайдың құрамдарын, сондай-ақ газ құрамының, көлемдік коэффициенттің және қойнауқат-флюидтің тығыздығының қысымға тәуелділігін айқындау) жаңа ұңғымаларды пайдалануға беру және оларды кен шоғыры ауданы бойынша біркелкі бөлу;<br>мұнай және мұнай-газ кен орындарын әзірлеу кезіндегі міндетті кәсіпшілік зерттеулер кешені | Елеулі | |
| 30 | Сағалық арматуралардың шығу желісінде пайдаланудың газлифті тәсілі кезінде жұмыс газының қысымы мен ағынын өлшеу және реттеуге арналған манометрлердің және шығын өлшегіштердің бар болуы | Елеулі | |
| 31 | Газ немесе су ұңғымаларының кенжарларына серпілістер кезінде технологиялық режимін өзгерту немесе тиісті оқшаулау жұмыстарын жүргізу бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| 32 | Көмірсутектері шөгінділерінің ашылуын болдырмау мақсатында төмен қуатты қақпағы бар қабаттардың гидравликалық ажыратылуына салынған тыйымды сақтау | Өрескел | |
| 33 | Кәдеге жаратылған газ өндіруді, ұңғымаларды зерттеу және түрлі үрлеу барысында, сондай-ақ авариялық атқуы кезінде газды жоғалтуды көрсететін газ өндіруді есепке алуды жүргізу бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 196 | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 34 | бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес конкурстық комиссияны қалыптастыруға қойылатын талаптарды сақтау ( бұдан әрі – Қағидалар) | Болмашы | |
| 35 | Конкурстық құжаттамада Қағидаларда көзделмеген талаптарды белгілеуге жол бермеу | Өрескел | |
| 36 | Қағидаларға сәйкес ашық конкурс өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы тізілімде (жүйеде) орналастыруға қойылатын талаптарды сақтау | Болмашы | |
| 37 | Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін қағидаларды бұза отырып, негізсіз жіберуіне және ( немесе) қабылдамауына жол бермеу | Өрескел | |
| 38 | Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың мазмұны және оны жасасу талаптары бойынша талаптарды сақтау | Елеулі | |
| 39 | Көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін немесе электрондық сатып алудың өзге де жүйелерін қолдана отырып, ашық конкурс, бір көзден және төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілдерімен сатып алу жөніндегі міндетті сақтау, | Елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оның жұмысы осындай тізілімнің жұмысымен синхрондалған интернеттің қазақстандық сегментінде орналасқан | | |
| 40 | Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстың жеңімпазын айқындау кезінде конкурсқа қатысушылардың – қазақстандық жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын жиырма пайызға шартты түрде азайту жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 41 | Жер қойнауын пайдаланушыларға тиесілі иеліктен шығарылатын шикі газды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын сақтау | Елеулі | |
| 42 | Шикі газды иеліктен шығаруды жүргізуге ниеті бар жер қойнауын пайдаланушылар уәкілетті органға мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператордан сатып алатын шикі газдың шекті бағасының құжатпен расталған есеп-қисаптарын келесі жылдың 1 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде сараптамаға жіберілуін сақтау | Елеулі | |
| 43 | Жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі газдың уәкілетті орган бекіткен бағасынан асырмауды сақтау | Елеулі | |
| 44 | Шикі газды иеліктен шығаруды жүргізуге ниеті бар жер қойнауын пайдаланушылар жоспарланған кезең басталғанға дейін бес айдан кешіктірілмейтін мерзімде, ұлттық операторға:<br>1) иеліктен шығарылатын шикі газдың көлемін;<br>2) иеліктен шығарылатын шикі газдың бағасын;<br>3) шикі газдың жеткізілу пунктін көрсете отырып, коммерциялық ұсыныс жіберуді сақтау | Елеулі | |
| | Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған не көмірсутектер бойынша жер қойнауын | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 45 | пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуы тоқтатыла тұрған, сондай-ақ жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасында белгіленген мерзімдерде консервациялау аяқталған күннен бастап екі ай ішінде жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасын сараптамалардан өту үшін бекіту және ұсыну жөніндегі міндетті сақтау | Елеулі | |
| 46 | Өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырмай және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етпей, мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, шикі мұнай мен газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салуды сақтау | Өрескел | |
| 47 | Шикі мұнай және газ конденсаты айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілердің тұтынушыларға жеткізуге дайындалған, айналымдағы шикі мұнай және газ конденсатының саны туралы деректерді есепке алу жүйелеріне көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға қол жеткізуін ұсыну жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 48 | Тоқсанына бір рет жүргізу және жер қойнауын пайдаланушының басшылығы бекіткен әрбір айдау ұңғымасын пайдаланудың технологиялық режимі түрінде ресімдеу арқылы ұңғымалардағы ұңғымалар мен қабаттар бойынша жұмыс агентін айдауды нормалау жөніндегі талапты сақтау:<br>1) жұмыс агентін айдаудың тәуліктік көлемі;<br>2) айдалатын агенттің қасиеттеріне қойылатын негізгі талаптар;<br>3) айдау қысымы;<br>4) айдаудың белгіленген нормаларын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар | Елеулі | |
| | | | |

| | | |
|---|---|---|
| 49 | Мұнай өндіруді реттеу немесе ұлғайту мақсатында шоғырдың неғұрлым өнімді бөлігінің, пайдалану объектісінің және шоғырлар учаскелерінің жобалық торын іріктеп бұрғылауды және тығыздауды болдырмау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі |
| 50 | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 191 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17072 болып тіркелген) Мұнай беру графигін қалыптастыру қағидаларына қосымшаға сәйкес нысан бойынша ай сайын есепті айдың алдындағы айдың бесінші күніне дейін графиктерді қалыптастыру үшін мұнай беруге өтінім беру жөніндегі талапты сақтау | Елеулі |
| Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны | | |
| 51 | Талдау кезеңінде Қағидалардың талаптарын бұзуға қатысты үш расталған шағым немесе арыз фактілерінің бар болуы | Өрескел |
| Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | |
| 52 | Жер қойнауын пайдаланушының жобалау құжатында көзделмеген жұмыстарды жүргізуі бойынша, сондай-ақ жобалау құжаты болмаған кезде осындай жұмыстарды жүргізу бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 53 | Жер қойнауын пайдаланушының кен орнын жайластыру бойынша техникалық жобалау құжатында көзделмеген расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 54 | Авариялық жағдайлар қатерінің немесе туындауының, персоналдың өміріне немесе халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті органның рұқсатынсыз алауларда шикі газды жағу бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 55 | Жер қойнауын пайдаланушының ұңғымаларды пайдалануы туралы расталған ақпараттың болуы:<br>жобалау құжаттарында көзделгеннен төмен кенжарлық қысымдармен;<br>онда қойнауқат бойынша немесе бағана сыртындағы кеңістік бойынша газдың бақылаусыз жарылуы орын алды;<br>сорғы-компрессорлық құбырлар болмаған кезде;<br>өндірілетін өнімді бөлек есепке алуды және бір ұңғымамен екі немесе одан да көп объектіні бір мезгілде бөлек пайдалану кезінде әрбір объектіге кәсіпшілік зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін ұңғымалық және жерүсті жабдығы болмаған кезде;<br>бұрқақты немесе құбыраралық ( құбыраралық) кеңістік арқылы механикаландырылған әдіске ауыстырылған;<br>базалық жобалау құжаттарында және көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған жобалау құжаттарында көрсетілген жобалық мәндерден асатын газ факторы бар;<br>егер жобалау құжатында өзгеше көзделмесе, кенжар қысымының рұқсат етілген мәнінен төмен қысымдар кезінде ұңғымалардағы сұйықтықты үдемелі іріктеуге;<br>дебитті жеке немесе топтық өлшеуге және ұңғымаларды зерттеуге арналған жабдықсыз;<br>сағалық және құбырлық қысым манометрлерінсіз, сағалық сынамаларды іріктеуге және сағадағы температураны өлшеуге арналған құрылғыларсыз, арматуралық алаңшалар мен ұңғымаларға тереңдік аспаптарын (манометрлер, термометрлер, дебитомерлер, сынама іріктегіштер) түсіруге арналған лубрикаторларсыз;<br>дебитті жеке немесе топтық өлшеуге және ұңғымаларды зерттеуге арналған жабдықсыз; | Өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | сағалық және құбыраралық қысым манометрлерінсіз, сағалық сынамаларды іріктеуге және сағадағы температураны өлшеуге арналған құрылғыларсыз, арматуралық алаңшалар мен ұңғымаларға тереңдік аспаптарын (манометрлер, термометрлер, дебитомерлер, сынама іріктегіштер) түсіруге арналған лубрикаторларсыз;<br>оларда кәсіпшілік зерттеулер кешенін жеке орындау үшін дайындалмаған | |
| 56 | Жер қойнауын пайдаланушының қуаты аз жабындысы бар қаттық шоғырлар қабатына гидрожарылысуды жүргізуі бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел |
| 57 | Жер қойнауын пайдаланушының мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырусыз және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етпей шикі мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуі бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел |

Көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
3-қосымша

## Көмірсутектерді барлауға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңіздегі көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

| р/с № | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| Есептілікті және мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері | | |
| | Ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы, ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы, ілеспе және табиғи газды | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есептерін , сонымен қатар шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау туралы есепті талдау нәтижесі бойынша уәкілетті органның рұқсатынсыз газды жағу бойынша ақпараттың бар болуы | Өрескел | |
| 2 | Өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырмай мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған ақпараттың болуы | Елеулі | |
| Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі аталған талаптары сақталмаған кезде белгіленеді) | | | |
| 3 | Жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ ол болмаған кезде жер қойнауын пайдалану операцияларын тез арада тоқтату немесе оны жою бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 4 | Технологиялық қажеттіліктерге тұтынатын немесе авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі, ұңғыма объектілерін сынау кезіндегі, кен орнын сынамалап пайдалану кезіндегі, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезіндегі жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, барлау кезінде өндірілген көмірсутектерді Қазақстан Республикасының ішкі нарығына толық көлемде беру міндетін сақтау | Елеулі | |
| | Жер қойнауын пайдалану жөніндегі ақпаратты (құжаттарды) электрондық және қағаз форматта жүргізу және сақтау жөніндегі талапты сақтау, атап айтқанда: ұңғымаларды пайдалану және геологиялық-техникалық іс-шараларды орындау бойынша; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | ұңғымалардың жұмыс режимі бойынша материалдар;<br>көмірсутектерді өндіру жөніндегі барлық жұмыстар туралы;<br>кен орны бойынша бастапқы құжаттама;<br>жүргізілген жөндеу жұмыстары, оларды күтіп-ұстау, жабдықтар мен ұңғымалар жұмысының жөндеуаралық кезеңі, сондай-ақ объектіні пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде орындалған жұмыстардың техникалық-экономикалық тиімділігі туралы;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде әртүрлі мақсаттағы мұнай, газ және айдау ұңғымаларын консервациялау және (немесе) жою жөніндегі барлық материалдар (актілер, бұйрықтар, хаттамалар және басқа материалдар) | Елеулі | |
| 6 | Жер қойнауы учаскесінің аумағындағы бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізу міндетін сақтау | Елеулі | |
| 7 | Жобалау құжатына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі талапты, сондай-ақ жобалау құжаты болмаған кезде осындай жұмыстарды жүргізуге тыйым салуды сақтау | Өрескел | |
| 8 | Техникалық жобалау құжатына сәйкес кен орнын жайластыру жөніндегі талапты сақтау | Өрескел | |
| 9 | Өндіріліп алынған көмірсутектерді дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 10 | Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою және (немесе) жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 11 | Технологиялық объектілерді жою және (немесе) консервациялау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Жер қойнауын пайдаланушылармен көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей не келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы операторды тартқан кезде оператордың ақылы қызметтер көрсетуі жоспарланатын сатып алу туралы ақпаратты ұсыну бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 13 | "Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) 1, 2, 3, 4, 5, 8, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 26, 27, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға нысандар ұсыну бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| 14 | Жер қойнауын пайдаланушының барлау жұмыстары жобасының іске асырылуын (ұңғымаларды бұрғылауды және (немесе) сынауды көздемейтін барлау жұмыстары жобасын қоспағанда), сынамалық пайдалануға арналған жобалау құжатының іске асырылуын авторлық қадағалау жөніндегі жыл сайынғы есепті орындау мониторингін жүзеге асыру және оларды хабарлама | Елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | тәртібімен құзыретті органға жіберу бойынша талапты сақтау | |
| 15 | Авариялық жағдайлар қатері төнген немесе туындаған, персоналдың өміріне немесе халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның рұқсатынсыз шикі газды факелде жағуға салынған тыйымды сақтау | Өрескел |
| 16 | Авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі жағдайлары кезінде рұқсатсыз шикі газды алау етіп жағудың себептерін және жағылған шикі газдың көлемдері туралы мәліметтерді қамтумен көмірсутектер және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы уәкілетті органдарды он күн ішінде жазбаша хабардар ету бойынша міндетін сақтау | Елеулі |
| 17 | Көмірсутектер саласындағы уәкілетті органмен бекітілген шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасының бар болуы | Елеулі |
| 18 | Шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларының орындалуы туралы есептерді жыл сайын көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жіберу бойынша талапты сақтау | Болмашы |
| 19 | Жобалау құжатында белгіленген, бірақ кәсіпшілік-геологиялық және гидродинамикалық зерттеулер кешенін жүргізе отырып, әрбір сынақ объектісі үшін 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге қабаттарды сынамалау және ұңғымаларды сынау кезінде әрбір өнімді қабаттарды дербес тестілеу бойынша талапты сақтау | Болмашы |
| | Ұңғымаларды пайдалануға салынған тыйымды сақтау:<br>онда қойнауқат бойынша немесе бағана сыртындағы кеңістік бойынша газдың бақылаусыз жарылуы орын алды; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20 | сорғы-компрессорлық құбырлар болмаған кезде;<br>өндірілетін өнімді бөлек есепке алуды және бір ұңғымамен екі немесе одан да көп объектіні бір мезгілде бөлек пайдалану кезінде әрбір объектіге кәсіпшілік зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін ұңғымалық және жерүсті жабдығы болмаған кезде;<br>бұрқақты немесе құбыраралық ( құбыраралық) кеңістік арқылы механикаландырылған әдіске ауыстырылған;<br>базалық жобалау құжаттарында және көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған жобалау құжаттарында көрсетілген жобалық мәндерден асатын газ факторы бар;<br>егер жобалау құжатында өзгеше көзделмесе, кенжар қысымының рұқсат етілген мәнінен төмен қысымдар кезінде ұңғымалардағы сұйықтықты үдемелі іріктеуге;<br>дебитті жеке немесе топтық өлшеуге және ұңғымаларды зерттеуге арналған жабдықсыз;<br>сағалық және құбырлық қысым манометрлерінсіз, сағалық сынамаларды іріктеуге және сағадағы температураны өлшеуге арналған құрылғыларсыз, арматуралық алаңшалар мен ұңғымаларға тереңдік аспаптарын (манометрлер, термометрлер, дебитомерлер, сынама іріктегіштер) түсіруге арналған лубрикаторларсыз | Өрескел | |
| 21 | Ұңғымалардың технологиялық жұмыс режимдерінде әрбір өндіруші ұңғыма үшін - сұйықтықты іріктеудің технологиялық нормасының және әрбір қысыммен айдау ұңғымасы үшін - ауыстыру агентінің ( қабылдағыштық) көлемінің бар болуы | Болмашы | |
| | Объектіні әзірлеу шарттарының тұрақтылығына байланысты ай сайын немесе тоқсанына бір рет жасалатын өндіру ұңғымалары жұмысының технологиялық | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22 | режимдерінің болуы. Өндіруші ұңғымалар жұмысының технологиялық режимдерімен бір мезгілде ұңғымалардан және тұтастай пайдалану объектісінен сұйықтық алу нормаларын қамтамасыз ету жөніндегі геологиялық-техникалық іс-шаралар жоспары жасалады және бекітіледі | Болмашы | |
| 23 | Көмірсутектері шөгінділерінің ашылуын болдырмау мақсатында төмен қуатты қақпағы бар қабаттардың гидравликалық ажыратылуына салынған тыйымды сақтау | Өрескел | |
| 24 | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары на (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес конкурстық комиссияны қалыптастыруға қойылатын талаптарды сақтау | Болмашы | |
| 25 | Конкурстық құжаттамада Қағидаларда көзделмеген талаптарды белгілеуге жол бермеу | Өрескел | |
| 26 | Қағидаларға сәйкес ашық конкурс өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы тізілімде (жүйеде) орналастыруға қойылатын талаптарды сақтау | Болмашы | |
| 27 | Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін қағидаларды бұза отырып, негізсіз жіберуіне және ( немесе) қабылдамауына жол бермеу | Өрескел | |
| 28 | Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың мазмұны | Елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | және оны жасасу талаптары бойынша талаптарды сақтау | |
| 29 | Көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін немесе электрондық сатып алудың өзге де жүйелерін қолдана отырып, ашық конкурс, бір көзден және төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілдерімен сатып алу жөніндегі міндетті сақтау, оның жұмысы осындай тізілімнің жұмысымен синхрондалған интернеттің қазақстандық сегментінде орналасқан | Елеулі |
| 30 | Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстың жеңімпазын айқындау кезінде конкурсқа қатысушылардың – қазақстандық жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын жиырма пайызға шартты түрде азайту жөніндегі талапты сақтау | Елеулі |
| 31 | Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған не көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуы тоқтатыла тұрған, сондай-ақ жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасында белгіленген мерзімдерде консервациялау аяқталған күннен бастап екі ай ішінде жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасын сараптамалардан өту үшін бекіту және ұсыну жөніндегі міндетті сақтау | Елеулі |
| | Өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырмай және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етпей, мұнай және газ | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 32 | конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, шикі мұнай мен газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салуды сақтау | Өрескел | |
| 33 | Шикі мұнай және газ конденсаты айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілердің тұтынушыларға жеткізуге дайындалған, айналымдағы шикі мұнай және газ конденсатының саны туралы деректерді есепке алу жүйелеріне көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға қол жеткізуін ұсыну жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 34 | Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 191 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17072 болып тіркелген) Мұнай беру графигін қалыптастыру қағидаларына қосымшаға сәйкес нысан бойынша ай сайын есепті айдың алдындағы айдың бесінші күніне дейін графиктерді қалыптастыру үшін мұнай беруге өтінім беру жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 35 | Теңіз объектілерін құруға және орналастыруға рұқсаттың бар болуы | Өрескел | |
| 36 | Тыйымды сақтау:<br>теңізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын салуға және пайдалануға;<br>мұндай мұнайды танкерлермен тікелей теңіз объектілерінен тасымалдау кезінде мұнайды уақытша (күнтізбелік жиырма күннен аспайтын) сақтауды қоспағанда, теңіз объектілерінде мұнайды сақтауға және қоймаға жинауға | Өрескел | |
| | Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекеліне әкелетін объектілерге операцияларды жүргізуге тыйым салуды сақтау: | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 37 | 1) мұнайдың төгілу тәуекелін бағалауды өткізусіз;<br>2) бекітілген объектілік жоспарсыз ;<br>3) өзінің жеке немесе шарт негізінде тартылатын ресурстардың болуынсыз | Өрескел | |
| 38 | Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекеліне әкелетін объектілердің меншік иелерінің міндеттерін сақтау:<br>1) теңізде мұнайдың бірінші деңгейдегі төгілуін жою үшін – теңіз объектісінде не отыз минуттық қолжетімді шекте осындай мұнайдың төгілуін толық жою үшін қажетті ресурстарға ие болуға;<br>2) теңізде мұнайдың екінші деңгейдегі төгілуін жою үшін:<br>теңіз объектісінде не отыз минуттық қолжетімді шекте жергілікті жағалау қызметтерінің ресурстары келгенге дейінгі кезеңге жеткілікті болатын көлемде ресурстарға ие болуға;<br>қажеттілік болған жағдайда жергілікті жағалау қызметтері ресурстарының келуін қамтамасыз етуге міндетті | Елеулі | |
| 39 | Объектінің меншік иесі халықаралық деңгейде танылған, білікті персоналы және тиісті жабдығы бар, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйыммен шарт жасасу міндетін сақтауы | Елеулі | |
| Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны | | | |
| 40 | Талдау кезеңінде Қағидалардың талаптарын бұзуға қатысты үш расталған шағым немесе арыз фактілерінің бар болуы | Өрескел | |
| Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | | | |
| 41 | Жер қойнауын пайдаланушының жобалау құжатында көзделмеген жұмыстарды жүргізуі бойынша, сондай-ақ жобалау құжаты болмаған кезде осындай жұмыстарды жүргізу бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| | Жер қойнауын пайдаланушының кен орнын жайластыру бойынша | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 42 | техникалық жобалау құжатында көзделмеген расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| 43 | Авариялық жағдайлар қатерінің немесе туындауының, персоналдың өміріне немесе халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті органның рұқсатынсыз алауларда шикі газды жағу бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| 44 | Жер қойнауын пайдаланушының ұңғымаларды пайдалануы туралы расталған ақпараттың болуы:<br>онда қойнауқат бойынша немесе бағана сыртындағы кеңістік бойынша газдың бақылаусыз жарылуы орын алды;<br>сорғы-компрессорлық құбырлар болмаған кезде;<br>өндірілетін өнімді бөлек есепке алуды және бір ұңғымамен екі немесе одан да көп объектіні бір мезгілде бөлек пайдалану кезінде әрбір объектіге кәсіпшілік зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін ұңғымалық және жерүсті жабдығы болмаған кезде;<br>бұрқақты немесе құбыраралық ( құбыраралық) кеңістік арқылы механикаландырылған әдіске ауыстырылған;<br>базалық жобалау құжаттарында және көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған жобалау құжаттарында көрсетілген жобалық мәндерден асатын газ факторы бар;<br>егер жобалау құжатында өзгеше көзделмесе, кенжар қысымының рұқсат етілген мәнінен төмен қысымдар кезінде ұңғымалардағы сұйықтықты үдемелі іріктеуге;<br>дебитті жеке немесе топтық өлшеуге және ұңғымаларды зерттеуге арналған жабдықсыз;<br>сағалық және құбырлық қысым манометрлерінсіз, сағалық сынамаларды іріктеуге және сағадағы температураны өлшеуге | Өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | арналған құрылғыларсыз, арматуралық алаңшалар мен ұңғымаларға тереңдік аспаптарын (манометрлер, термометрлер, дебитомерлер, сынама іріктегіштер) түсіруге арналған лубрикаторларсыз | | |
| 45 | Жер қойнауын пайдаланушының қуаты аз жабындысы бар қаттық шоғырлар қабатына гидрожарылысуды жүргізуі бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| 46 | Жер қойнауын пайдаланушының мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырусыз және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етпей шикі мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуі бойынша расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| 47 | Жер қойнауын пайдаланушы теңізде және ішкі су айдындарында көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланатын теңіз объектілерін құруға және орналастыруға рұқсаттың жоқтығы туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| 48 | Мұндай мұнайды танкерлермен тікелей теңіз объектілерінен тасымалдау кезінде мұнайды уақытша (күнтізбелік жиырма күннен аспайтын) сақтауды; теңізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын салу мен пайдалануды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының мұнайды теңіз объектілерінде сақтауы және қоймаға қоюы туралы расталған ақпараттың болуы | Өрескел | |
| | Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекеліне әкелетін объектілерге жер қойнауын пайдаланушының операцияларды жүргізуі бойынша расталған ақпараттың болуы: | | |

| | | |
|---|---|---|
| 49 | 1) мұнайдың төгілу тәуекелін бағалауды өткізусіз;<br>2) бекітілген объектілік жоспарсыз ;<br>3) өзінің жеке немесе шарт негізінде тартылатын ресурстардың болуынсыз | Өрескел |

Көмірсутектер саласында жер
қойнауын пайдалану бойынша
операцияларды жүргізу кезіндегі
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
4-қосымша

## Көмірсутектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу құқығына ие жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты теңіздегі көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

| р/с № | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| Есептілікті және мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері | | |
| 1 | Ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы, ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы, ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есептерін , сонымен қатар шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасын орындау туралы есепті талдау нәтижесі бойынша уәкілетті органның рұқсатынсыз газды жағу бойынша ақпараттың бар болуы | Өрескел |
| 2 | Өндірістік объектілерді есепке алу аспаптарымен жарақтандырмай мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру және (немесе) айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған ақпараттың болуы | Елеулі |
| Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі аталған талаптары сақталмаған кезде белгіленеді) | | |
| 3 | Жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ету сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ ол болмаған кезде жер қойнауын пайдалану | Елеулі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | операцияларын тез арада тоқтату немесе оны жою бойынша міндетін сақтау | | |
| 4 | Технологиялық қажеттіліктерге тұтынатын немесе авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі, ұңғыма объектілерін сынау кезіндегі, кен орнын сынамалап пайдалану кезіндегі, шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезіндегі жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, көмірсутектерді, оның ішінде барлау кезінде өндірілген, толық көлемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндетін сақтау | Елеулі | |
| 5 | Жер қойнауын пайдалану жөніндегі ақпаратты (құжаттарды) электрондық және қағаз форматта жүргізу және сақтау жөніндегі талапты сақтау, атап айтқанда:<br>ұңғымаларды пайдалану және геологиялық-техникалық іс-шараларды орындау бойынша;<br>ұңғымалардың жұмыс режимі бойынша материалдар;<br>көмірсутектерді өндіру жөніндегі барлық жұмыстар туралы;<br>кен орны бойынша бастапқы құжаттама;<br>жүргізілген жөндеу жұмыстары, оларды күтіп-ұстау, жабдықтар мен ұңғымалар жұмысының жөндеуаралық кезеңі, сондай-ақ объектіні пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде орындалған жұмыстардың техникалық-экономикалық тиімділігі туралы;<br>көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде әртүрлі мақсаттағы мұнай, газ және айдау ұңғымаларын консервациялау және (немесе) жою жөніндегі барлық материалдар (актілер, бұйрықтар, хаттамалар және басқа материалдар) | Елеулі | |
| | Жер қойнауы учаскесінің аумағындағы бұрын бұрғыланған | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | барлық ұңғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізу міндетін сақтау | Елеулі | |
| 7 | Жобалау құжатына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу жөніндегі талапты, сондай-ақ жобалау құжаты болмаған кезде осындай жұмыстарды жүргізуге тыйым салуды сақтау | Өрескел | |
| 8 | Техникалық жобалау құжатына сәйкес кен орнын жайластыру жөніндегі талапты сақтау | Өрескел | |
| 9 | Өндіріліп алынған көмірсутектерді дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 10 | Жұмыстарды жүргізу бойынша талаптарды сақтау:<br>кен орнын әзірлеу жобасына сәйкес жете барлау бойынша;<br>кен орнын әзірлеу жобасына қосымшаға сәйкес зерттеуге дейін табылған жаңа кен орнын бағалау | Елеулі | |
| 11 | Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою және (немесе) жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 12 | Технологиялық объектілерді жою және (немесе) консервациялау жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| 13 | Ішкі нарықтың қажеттіліктерін мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында, ал мұнай өңдеу зауыты авариялық жағдайға байланысты тоқтатылған жағдайда-оның шегінен тыс жерлерде өңдеу үшін мұнай жеткізуді жүзеге асыру жөніндегі міндетті сақтау | Елеулі | |
| 14 | Өзі өндірген жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын иеліктен шығаруды не процессингке беруді жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтау | Елеулі | |
| | Жер қойнауын пайдаланушылармен көмірсутектер саласындағы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15 | уәкілетті органға жылдың 1 ( бірінші) ақпанынан кешіктірмей не келісімшарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы операторды тартқан кезде оператордың ақылы қызметтер көрсетуі жоспарланатын сатып алу туралы ақпаратты ұсыну бойынша міндетін сақтау | Елеулі | |
| 16 | "Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және ( немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) 1, 2, 3, 4, 5 , 8, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 26, 27, 28 және 29-қосымшаларға сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға нысандар ұсыну бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| 17 | Жер қойнауын пайдаланушының жобалау ұйымының жыл сайынғы авторлық қадағалау жүргізу және үш жылда кемінде бір рет орындалатын көмірсутектер кен орнын игеруді талдау арқылы кен орнын игеру жобасын орындауына мониторингті жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтау және оларды хабарлама тәртібімен құзыретті органға жіберу бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| | Кен орнын әзірлеудің нақты және жобалау көрсеткіштері арасында | | |

| | | |
|---|---|---|
| 18 | елеулі (он пайыздан астам) айырмашылықтар болған жағдайда, көмірсутектер кен орнын әзірлеуді талдау нәтижелерінің жобалау құжаттарына мемлекеттік сараптаманың бар болуы | Елеулі |
| 19 | Авариялық жағдайлар қатері төнген немесе туындаған, персоналдың өміріне немесе халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның рұқсатынсыз шикі газды факелде жағуға салынған тыйымды сақтау | Өрескел |
| 20 | Авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнуі жағдайлары кезінде рұқсатсыз шикі газды алау етіп жағудың себептерін және жағылған шикі газдың көлемдері туралы мәліметтерді қамтумен көмірсутектер және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы уәкілетті органдарды он күн ішінде жазбаша хабардар ету бойынша міндетін сақтау | Елеулі |
| 21 | Тергеу жүргізуге және көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға технологиялық іркілістер, істен шығу мен ауытқулардың, әрбір жағдайы бойынша жағылған газдың уақыты мен көлемдері туралы мәліметтерді, сондай-ақ олардың себептерін көрсете отырып, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын есеп беру бойынша міндетін сақтау | Елеулі |
| 22 | Көмірсутектер саласындағы уәкілетті органмен бекітілген шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасының бар болуы | Елеулі |
| 23 | Шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларының орындалуы туралы есептерді жыл сайын көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жіберу бойынша талапты сақтау | Болмашы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | Теңіз объектілерін құру және орналастыруға рұқсаттың болуы | Өрескел | |
| 25 | Тыйымды сақтау:<br>теңізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын салуға және пайдалануға;<br>мұндай мұнайды танкерлермен тікелей теңіз объектілерінен тасымалдау кезінде мұнайды уақытша (күнтізбелік жиырма күннен аспайтын) сақтауды қоспағанда, теңіз объектілерінде мұнайды сақтауға және қоймаға жинауға | Өрескел | |
| 26 | Жобалау құжатында белгіленген, бірақ кәсіпшілік-геологиялық және гидродинамикалық зерттеулер кешенін жүргізе отырып, әрбір сынақ объектісі үшін 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге қабаттарды сынамалау және ұңғымаларды сынау кезінде әрбір өнімді қабаттарды дербес тестілеу бойынша талапты сақтау | Болмашы | |
| 27 | Негізгі өнімді (сұйық көмірсутектер) шығару коэффициентінің азаюына әкелетін газ бүркемесінен газды негізсіз шығаруға және мұнайды қабат жағдайында газсыздандыруға жол бермеу | Елеулі | |
| | Ұңғымаларды пайдалануға салынған тыйымды сақтау:<br>жобалау құжаттарында көзделгеннен төмен кенжарлық қысымдармен;<br>онда қойнауқат бойынша немесе бағана сыртындағы кеңістік бойынша газдың бақылаусыз жарылуы орын алды;<br>сорғы-компрессорлық құбырлар болмаған кезде;<br>өндірілетін өнімді бөлек есепке алуды және бір ұңғымамен екі немесе одан да көп объектіні бір мезгілде бөлек пайдалану кезінде әрбір объектіге кәсіпшілік зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін ұңғымалық және жерүсті жабдығы болмаған кезде;<br>бұрқақты немесе құбыраралық ( құбыраралық) кеңістік арқылы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 28 | механикаландырылған әдіске ауыстырылған;<br>базалық жобалау құжаттарында және көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған жобалау құжаттарында көрсетілген жобалық мәндерден асатын газ факторы бар;<br>егер жобалау құжатында өзгеше көзделмесе, кенжар қысымының рұқсат етілген мәнінен төмен қысымдар кезінде ұңғымалардағы сұйықтықты үдемелі іріктеуге;<br>дебитті жеке немесе топтық өлшеуге және ұңғымаларды зерттеуге арналған жабдықсыз;<br>сағалық және құбыраралық қысым манометрлерінсіз, сағалық сынамаларды іріктеуге және сағадағы температураны өлшеуге арналған құрылғыларсыз, арматуралық алаңшалар мен ұңғымаларға тереңдік аспаптарын (манометрлер, термометрлер, дебитомерлер, сынама іріктегіштер) түсіруге арналған лубрикаторларсыз;<br>оларда кәсіпшілік зерттеулер кешенін жеке орындау үшін дайындалмаған | Өрескел | |
| 29 | Ұңғымалардың технологиялық жұмыс режимдерінде әрбір өндіруші ұңғыма үшін - сұйықтықты іріктеудің технологиялық нормасының және әрбір қысыммен айдау ұңғымасы үшін - ауыстыру агентінің ( қабылдағыштық) көлемінің бар болуы | Болмашы | |
| 30 | Объектіні әзірлеу шарттарының тұрақтылығына байланысты ай сайын немесе тоқсанына бір рет жасалатын өндіру ұңғымалары жұмысының технологиялық режимдерінің болуы. Өндіруші ұңғымалар жұмысының технологиялық режимдерімен бір мезгілде ұңғымалардан және тұтастай пайдалану объектісінен сұйықтық алу нормаларын қамтамасыз ету жөніндегі | Болмашы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | геологиялық-техникалық іс-шаралар жоспары жасалады және бекітіледі | | |
| 31 | Өткізу бойынша талаптарды сақтау:<br>әрбір пайдалану объектісі бойынша зерттеулер кешені (қойнауқаттық флюидтің компоненттік құрамын, тұтқырлығын, тығыздығын, қанығу қысымын, газ құрамын, көлемдік коэффициентті, бөлініп шыққан газдың және газсыздандырылған мұнайдың құрамдарын, сондай-ақ газ құрамының, көлемдік коэффициенттің және қойнауқат-флюидтің тығыздығының қысымға тәуелділігін айқындау) жаңа ұңғымаларды пайдалануға беру және оларды кен шоғыры ауданы бойынша біркелкі бөлу;<br>мұнай және мұнай-газ кен орындарын әзірлеу кезіндегі міндетті кәсіпшілік зерттеулер кешені | Елеулі | |
| 32 | Сағалық арматуралардың шығу желісінде пайдаланудың газлифті тәсілі кезінде жұмыс газының қысымы мен ағынын өлшеу және реттеуге арналған манометрлердің және шығын өлшегіштердің бар болуы | Елеулі | |
| 33 | Газ немесе су ұңғымаларының кенжарларына серпілістер кезінде технологиялық режимін өзгерту немесе тиісті оқшаулау жұмыстарын жүргізу бойынша талапты сақтау | Елеулі | |
| 34 | Көмірсутектері шөгінділерінің ашылуын болдырмау мақсатында төмен қуатты қақпағы бар қабаттардың гидравликалық ажыратылуына салынған тыйымды сақтау | Өрескел | |
| 35 | Кәдеге жаратылған газ өндіруді, ұңғымаларды зерттеу және түрлі үрлеу барысында, сондай-ақ авариялық атқылауы кезінде газды жоғалтуды көрсететін газ өндіруді | Елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | есепке алуды жүргізу бойынша талапты сақтау | |
